

**Б. Жорабекова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының  
3-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: Қ. Ө. Қарабеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды Академиясының азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға  
оқытушысы**

## **КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТТА ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Еліміздің азаматтарының құқықтарын өркениет талаптарына сай қорғауды басшылыққа алған Ата заң талаптарын орындау және оны басты құжат ретінде құрметтеу әр адамның міндеті болғанда ғана құқықтық мемлекеттің қазығы берік болмақ. Оның үстіне уақыт көші алға жылжыған сайын әлемдік тәжірибеге сүйене отырып заңдарымыз да жүйеленіп, толықтырылууда.

Оның бір көрінісі ретінде еліміздің сот жүйесін жетілдіру мақсатында, халықаралық үлгіге сәйкестендіру мақсаты бойынша 2009 жылғы 10 желтоқсанда ҚР ҚДЖК және АДЖК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы қабылданып, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Жаңа заңның негізгі мақсаты — іс жүргізу заңнамаларын «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңына енгізілген өзгерістермен үйлестіру, үш сатылық сот жүйесін қалыптастыру.

Атап айтқанда, заңға сәйкес бірінші сатыдағы барлық қылмыстық және азаматтық істерді қарау тек аудандық және оған теңестірілген соттардың соттылығына жатады. Бұл бірінші буын.

Екінші буын – істерді апелляциялық және кассациялық тәртіпте қарайтын облыстық және оған теңестірілген Алматы, Астана қалалық соттары.

Үшінші буын – істерді тек қадағалау тәртібінде қарайтын Жоғарғы сот.

Істерді апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатысында қарау ерекшеліктері де осы заңмен реттеледі, сот процесіне қатысушылардың құқықтарының қорғалуына қосымша кепілдіктер заңмен қамтамасыз етіледі.

Заңмен кассациялық саты енгізілді. Істерді осы сатыда қарау тәртібі де қызу талқыланды. Кассациялық алқалар облыстық соттарда 2001 жылға дейін жұмыс атқарған, енді жаңа заң оны қайта қалпына келтірді. Бұл сот сатысы заңды күшіне енген сот актілерін облыстық соттың апелляциялық алқасының үкімдері мен қаулыларына берілген кассациялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарайды.

Бұрын іс бойынша жоғары тұрған сотқа шағым немесе наразылық берілсе, апелляциялық қаулы шағарылған күні сот шешімі заңды күшіне енетін. Енді бұндай жағдайда сот шешімі кассациялық алқада қаралғаннан кейін күшіне енеді.

Ал бұрын апелляциялық тәртіпте істерді үш судья қараса, енді бір ғана судья қарайды. Тараптардың апелляциялық сатыдағы сотқа ұсынуға немесе оларды сұрату туралы өтініш беруге болатын қосымша материалдардың тізбесі ұлғайды. Апелляциялық сатыдағы сотқа істі мәні бойынша қарау құқығы беріледі, яғни, осы сот іс бойынша жаңа шешім шығаруға құқылы. Істі апелляциялық сатыда қарау мерзімі екі айға дейін ұзартылды.

Кассациялық шағым немесе наразылық тек қана апелляциялық сатыдағы соттың заңды күшіне енген қаулылары мен ұйғарымдарына ғана беріледі. Егер бірінші сатыдағы соттың шешімі апелляциялық сатыда қаралмаса, оған кассациялық шағым немесе наразылық келтіруге болмайды, өйткені мұндай шешім заңды күшіне енеді де, оған тек қана ҚР Жоғарғы сотына қадағалау тәртібінде қайта қарау туралы өтініш беруге болады.

Кассациялық шағымдар мен наразылықтарды облыстық және оған теңестірілген сот кемінде үш судья құрамында қарайды. Кассациялық шағымдар мен наразылықтар іске қатысушы тұлғалардың санына сәйкес, көшірмелерімен бірге тікелей кассациялық сатыдағы сотқа жолданады.

Кассациялық шағым немесе наразылық сот апелляциялық қаулыны немесе ұйғарымды түпкілікті нысанда шығарғаннан кейін бес күн ішінде берілуі мүмкін. Бұл мерзім апелляциялық сатының сот актілерінің көшірмелерінің берілген күнінен бастап есептеледі.